



## Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы № 188-III шешімі. Атырау облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 19 наурызда № 2368 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хаты негізінде мемлекеттік тіркелуге жатпайды. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы № 275/1711/-МШ хатымен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық Мәслихатының 2011.10.03 № 275 / 1711 / - М Ш х а т ы м е н .

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамыр 3-2185/06 хатынан үзінді:

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу ү ш і н , ж о л д а й д ы .

Қосымша 2 бетте.

А О Ә Д б а с т ы ғ ы

Қ о с ы м ш а :

19) Атырау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 11 ақпандағы N 188-III "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы" шешімі (Атырау облыстық әділет департаментінде 2005 жылғы 19 наурызда N 2368 тіркелді)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қарашадағы NN№1146 "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асыру жөніндегі 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" қаулысын орындау мақсатында III шақырылған Атырау облыстық мәслихаты X сессиясында шешім етті:

1. Облыс әкімиятының 2005 жылғы 9 ақпандағы N 55 қаулысымен ұсынылып отырған "Тілдерді қолдану мен дамытуды 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік

бағдарламасы бекітілсін (жалғанды).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына (Ж.Б. Өмірбекова) жүктелсін.

*Облыстық мәслихат X сессиясының төрайымы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

Атырау облыстық әкімиятының  
2005 жылғы 9 ақпандағы N 55 қаулысы

## **Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Жарлығын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 1146 "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" қаулысын іске асыру мақсатында облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мақұлданын және облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге енгізілсін.

2. Атырау қаласы мен аудандар әкімдері, тиісті атқарушы органдар б а с ш ы л а р ы :

1) Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етсін;

2) Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі бөліміне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жыл сайын 25 мамыр мен 25 қарашаға ұсынып о т ы р с ы н .

3. Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті 2005 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылау кезінде осы Бағдарламаны іске асыруға қажетті қаражат қарастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Қ.Мүрсәлиеваға жүктелсін.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімиятының  
2005 жылғы 9 ақпан № N 55  
қаулысына қосымша

# Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006

## жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

### Мазмұны:

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жәй-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асыруды негізгі бағыттары мен тетіктері
6. Бағдарламаны қаржыландыру көзі
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

### 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы: Тілдерді қолдану мен дамытуды 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы

Әзірлеу үшін "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға негіздеме: арналған мемлекеттік бағдарламасы" және "Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының" 2-тармағы

Негізгі Атырау облысы Тілдерді дамыту жөніндегі бөлімі әзірлеуші:

Бағдарла.	I-кезең	-	2005	жыл
маны іске	II-кезең	-	2006	жыл
а с ы р у				

мерзімі:

Мақсаттары: Атырау облысын мекен ететін халықтардың тілдерін дамытудың стратегиясы үш негізгі мақсатты біріктіреді; мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтау, этникалық топтардың тілдерін дамыту

Міндеттері: Осы мақсаттарды іске асыру мынадай міндеттерді шешуді к ө з д е й д і :

- мемлекеттік басқару және басқа салаларда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;
- өңірде орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтау;

- өзге этникалық қауымдастықтар тілдерін дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету. Қаржыландыру Бағдарламаны қаржыландыру жергілікті бюджеттер көздері : қаражаттары есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен тыйым салынбаған басқа да көздерден іске асырылады. Күтілетін Бағдарламаны іске асыру облыс аумағында Қазақстан нәтижелер : Республикасы Конституциясының 7,19, 93-баптарына сәйкес оңтайлы лингвистикалық кеңістік құруды көздейді.

## **2. Кіріспе**

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 550 Жарлығымен бекітілген "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 1146 қаулысымен бекітілген "Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының" 2-тармағына сәйкес әзірленген.

## **3. Проблеманың қазіргі жәй-күйін талдау**

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2003-2004 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру барысында мемлекеттік тілді қолданылу аясын кеңейту, өзге де тілдерді дамыту жөнінде бірсыпыра жұмыстар тындырылды.

Мемлекеттік мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда аудармашылар, оқытушылар штаты енгізілді, азаматтардың мемлекеттік тілді тегін оқып-үйрену, материалдық-техникалық базаны нығайту жұмыстары жалғасуда.

Мемлекеттік мекемелерде, ұйымдарда 200-ден астам аудармашы жұмыс істейді. 140 үйірмеде 2 мыңға жуық азаматтар мемлекеттік тілді, ұлттық диаспоралар өкілдері ұлттық-мәдени орталықтар жанындағы жексенбілік мектептерде өз ана тілдерін оқып, үйренуде.

Облыстың көптеген мемлекеттік мекемелерінде компьютерлерге мемлекеттік тілді жедел үйретуді көздейтін "Қазақ тілінде жұмыс істеуді бастаймыз" атты арнаулы бағдарлама енгізілді.

Бұл бағыттағы оң тәжірибе "Атырау мұнай өңдеу зауыты" АҚ-да, "Қазақтелеком" ААҚ, "Ембімұнайгаз" ААҚ-ында және басқа да ірі кәсіпорындарда жинақталған.

Жергілікті баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастырып отырған ақпараттық ортада мемлекеттік тіл басым орын алады. Мысалы, облыстық телерадиокомпанияның хабарларының жалпы көлемінің 60% астамы мемлекеттік тілде таратылуда.

Сонымен бірге бірқатар мемлекеттік басқару органдарында мемлекеттік тілде іс жүргізу, мемлекеттік тілді оқыту мәселелері әлі де болса өз шешімін таппай келеді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Атырау облысы халықтары тілдерін дамытудың стратегиясы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңына және тілдік заңдылықтар саласындағы басқа нормативтік құқықтық кесімдерге негізделген үш негізгі мақсатты белгілейді:

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын кеңейту мен нығайту;

- орыс тілінің жалпы мәдени функциясын сақтау;

- этникалық топтардың тілдерін дамыту;

Осы мақсаттарды іске асыру мына міндеттерді шешуді көздейді:

- облыс аумағында мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету;

- мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

- облыс әкімінің 2001 жылғы 26 желтоқсандағы №351 "Атырау облысында іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру туралы" шешімінің орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз ету;

- облыс азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жағдай жасау;

- Атырау облысында орыс тілінің жалпы мәдени функциясын сақтауға жәрдемдесу;

- өзге этникалық қауымдастықтар тілдерін сақтауға және дамытуға, соның ішінде жәрдемдесу жолымен диаспоралар өкілдерінің ана тілін үйренуіне көмек көрсету арқылы, мемлекеттік қолдау көрсету.

#### **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

Бағдарламаның негізгі бағыттары "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының" басымдылықтарына сәйкес қалыптастырылды:

## 1 б а с ы м д ы қ :

Өңірдегі тіл саясатын іске асыруды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету Тілдер туралы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жасау саласында қадағалау органдарымен қарым-қатынасты күшейту, оның бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптары бойынша қолданатын мемлекеттік органдар, ұйымдар және мекемелер қызметкерлерін материалдық ынталандыру туралы заң актілерін іске асыру мәселелерінде жергілікті және аумақтық атқарушы органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

## 2 б а с ы м д ы қ :

Мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару саласындағы іскерлік қатынастар тілі ретінде дамыту

Мемлекеттік қызметкерлерге арналған бірыңғай оқу-әдістемелік бағдарламаға негізделген оқу курстарының жұмысын жалғастыру, әр түрлі санаттағы мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде меңгеру дайындығының нақты критерийін айқындау.

Шетелдік компаниялармен қарым-қатынаста, сыртқы экономикалық қызметте және өңірдегі сыртқы байланыстардың өзге салаларында мемлекеттік тілдің жұмыс тілі ретінде қолданылуы үшін негіз жасау керек.

## 3 б а с ы м д ы қ :

Білім беру және тілдерді оқыту салаларындағы тілдерді дамыту Балалардың бастапқы тілдік дайындығында мектепке дейінгі ұйымдар зор роль атқарады. Сондықтан олардың санын көбейту жөнінде мүмкін болатын барлық шараларды қолдану керек. Атап айтқанда, мемлекеттік тілде оқытатын мектепке дейінгі-ұйымдар жүйесін кеңейту назарда болуы тиіс.

Басқа тілдегі топтарда, сыныптарда, оқу орындарында қазақ тілі пәнінің оқытылу сапасын көтерудің өзектілігін арттыру.

Қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде іс жүзінде тұрақты жұмыс жасап отырған орыс тілінің қазіргі мәртебесін сақтауға жәрдем көрсету керек.

Өңірдегі-ұлттық қауымдастықтардың ана тілін үйрететін жексенбілік мектептер, курстар және басқа да оқу нысандарын кеңейту шараларын алу.

## 4 б а с ы м д ы қ :

Тілдерді дамытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Кітапшалар, плакаттар, жаднамалар шығару, тіл саясатының әр түрлі мәселелері бойынша сызбалар, карталар, слайдтар және басқа да материалдар әзірлеу, ономастика және топонимика мәселелері бойынша қажетті ұсыныстар дайындау арқылы тіл саясатын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

бағытына мақсатты қызметті жүзеге асыру.

5 б а с ы м д ы қ :

Мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету салаларындағы тілдік даму

Мәдениет саласында мемлекеттік тілдің бұқаралық мәдениет, әсіресе жастар тәрбиесі саласында қолданылуына айрықша назар аудару қажет.

Мемлекеттік тілдегі телерадиохабарлардың, басылымдардың санының өсуіне, олардың сапасының артуына жәрдемдесу керек.

Тұрғындарға қызмет көрсететін салалардағы мемлекеттік тілдің іс жүзінде кеңінен қолданылуына ықпал жасау.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі тетігі - Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі - Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары) жыл сайын кезең-кезеңімен орындалуы болып табылады.

## **6. Бағдарламаны қаржыландыру көзі**

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға қажетті қаражат жыл сайын облыстық бюджетте қарастырылады. Қалалық, аудандық және салалық бағдарламалар жергілікті бюджеттердің есебінен және тиісті мекемелер мен ұйымдарға облыстық бюджеттен көзделген қаражат шегінде қаржыландырылады.

## **7. Бағдарламаның іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік Бағдарламасын іске асырудың нәтижелері мыналар болмақ:

- қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақты іске асыру, оның заң жүзінде бекітілген әлеуметтік функцияларын облыс аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында жүзеге асыру;

- орыс тілінің Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген негізгі функцияларын толық көлемде сақтау;

- облыс аумағындағы тұратын басқа да халықтарды ұлттық тілдерін сақтау мен дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау.

## **8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

--	--	--	--

№	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар
Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралары			
1	Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Облыс әкімияты қаулысының жобасы	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
2	Атырау облысындағы тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасының іске асырылу барысын әлеуметтік зерттеу	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
3	Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңының орындалуы жөнінде мемлекеттік мекемелерді тексеру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудан әкімияттары, департаменттер, басқармалар, бөлімдер басшылары
4	Облыстық ономастикалық комиссиясының жұмысын қамтамасыз ету	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
5	Облыстық ономастикалық комиссияның жұмысшы тобы мүшелерінің және сарапшылардың облыс елді мекендеріне шығуы	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
6	Конституция қабылдануының 10 жылдығына арналған "дөңгелек үстел"	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
7	Оралхан Бөкеев атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің жыл сайынғы республикалық конкурсына облыс өкілдерін қатыстыруды қамтамасыз ету	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
8	Облыстық елді мекендердегі көрнекі ақпараттардың, жарнамалардың, билбордтардың тізімін жасап, жәй-күйіне талдау жасап, тиісті ұсыныстар беру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім

кестенің жалғасы

--	--	--



Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар	Қаржыландыру көздері
Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралары		
2006 жылғы 4-тоқсан	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005 жылғы 4-тоқсан	300 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 4-тоқсан	300 мың теңге	
Бекітілген кестеге сәйкес	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005 жылғы 1-4 тоқсандар 2006 жылғы 1-4 тоқсандар	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005 жылғы 1-4 тоқсан	150 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 1-4 тоқсан	150 мың теңге	
2005 жылғы тамыз	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005 жыл	100 мың теңге	
2006 жыл	100 мың теңге	
2005 - 2006 жылдар	Қаржыландыруды талап етпейді	

**кестенің жалғасы**

Білім беру саласындағы тілдерді дамыту	және	тілдерге	оқыту
--	------	----------	-------

1	Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау	Облыс әкімшілігіне	Білім беру департаменті, оқу орындары басшылары (келісім бойынша)
2	Қазақ тілінде оқытатын және тәрбие беретін мектепке дейінгі мекемелер жүйесін кеңейту жөніндегі жұмыстар	Облыс әкімшілігіне	Білім беру департаменті, қала және аудандар әкімшіліктері
3	Ұлттық диаспоралар өкілдеріне ана тілін оқытатын жексенбілік мектептер, курстар және басқа да оқу түрлерін ұйымдастыру жөніндегі ұлттық-мәдени орталықтармен өзара іс-қимыл жасау	Облыс әкімшілігіне	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының хатшылығы, Білім беру департаменті
4	Басқа тілдерде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдері арасында Үздік мұғалім облыстық, қалалық, аудандық сайыстарын ұйымдастыру	Облыс әкімшілігіне	Білім беру департаменті, Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімшіліктері
Әдістемелік-лингвистикалық қамтамасыз ету			
1	Облыс мекемелерінің іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу жөніндегі жұмыс тәжірибелерін насихаттайтын әдістемелік әдебиеттер шығару	Облыс әкімшілігіне	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
2	Білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерінің, топонимиялық объектілердің атауларын түсіндіретін "Атамекен" атаулары анықтамалығын, жаңа ономастикалық атаулар туралы бюллетеньдер, мемлекеттік тілді	Облыс әкімшілігіне	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімшіліктері, статистика басқармасы, "Атырау-Ақпарат" коммуналдық мемлекеттік

	оқып, үйренушілерге арналған сөздіктер шығару		кәсіпорны (келісім бойынша)
3	Облыстағы тіл саясаты жәй-күйін талдау материалдарын дайындау	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
4	Республикалық орталықтар ғалымдарының, мамандарының қатысуымен тілдерді дамыту, іс жүргізуді жетілдіру проблемалары бойынша өңірлік ғылыми-тәжірибелік конференциялар	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
5	"Ұлттық тәрбие және отбасы", "Ана тіл - рухани қазына", "Этнопедагогика және ұлттық тіл", "Тіл және ХХІ ғасырдағы қазақ мектебі", "Тіл тағдыры - ел тағдыры", "Мемлекеттік тіл және компьютер", "Мемлекеттік тілде іс жүргізудің жәй-күйі және оның болашағы", "Қазақ әліпбиі: кириллица, әлде латын?", "Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тіл үйрету мәселелері" деген тақырыптарда дөңгелек үстелдер, семинарлар	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
6	Ұлттық диаспоралар өкілдерінің мемлекеттік тілді білуіне арналған "Тілге құрмет - елге құрмет" конкурстары	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімияттары, Мәдениет бөлімі, Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының хатшылығы,

## кестенің жалғасы

Білім беру және тілдерге оқыту саласындағы		тілдерді
дамыту		
2005-2006 жылдар	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005- 2006 жылдар	Қаржыландыруды талап етпейді	
2005-2006 жылдар	Қаржыландыруды талап етпейді	
2 0 0 5 жы л ғ ы 2-тоқсан	250 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
2 0 0 6 жы л ғ ы 2-тоқсан	250 мың теңге	
Әдістемелік-лингвистикалық қамтамасыз ету		
2 0 0 5 жы л ғ ы 4 тоқсан	400 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
2 0 0 6 жы л ғ ы 4 тоқсан	400 мың теңге	
2 0 0 5 жы л ғ ы 4 тоқсан	400 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
2 0 0 6 жы л ғ ы 4 тоқсан	600 мың теңге	
2 0 0 5 жы л ғ ы 2-4 тоқсандар 2 0 0 6 жы л ғ ы 2-4 тоқсандар	Қаржыландыруды талап етпейді	

2005 3 тоқсан	Ж Ы Л Ғ Ы	450 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
2006 3 тоқсан	Ж Ы Л Ғ Ы	450 мың теңге	
2005 4 тоқсан	Ж Ы Л Ғ Ы	200 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
2006 4 тоқсан	Ж Ы Л Ғ Ы	200 мың теңге	
2005 4 тоқсан	Ж Ы Л Ғ Ы	500 мың теңге	О б л ы с т ы қ бюджет
		500 мың теңге	

2006 жылғы 4 тоқсан		
------------------------	--	--

**кестенің жалғасы**

7	Славян жазуы күндерін өткізу	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімияттары, Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының хатшылығы, Мәдениет бөлімі
8	Қазақстан халықтары тілдерінің Күніне арналған облыс халықтары тілдері фестивальдарын өткізу	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, Атырау қаласы әкімияты, Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясының хатшылығы, Мәдениет бөлімі

**кестенің жалғасы**

2005 жылғы 2 тоқсан	400 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 2 тоқсан	400 мың теңге	

2005 жылғы 3 тоқсан	800 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 3 тоқсан	800 мың теңге	

### кестенің жалғасы

Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және халыққа қызмет көрсету саласында тілді дамыту			
1	Көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық конкурстар өткізу	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала, аудандар әкімияттары, Мәдениет бөлімі
2	Жастар арасында Махамбет Өтемісов атындағы сыйлықтың иегері - Нұралы Әжіғалиевті еске алуға арналған әдеби оқуларды ұйымдастыру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімияттары, Мәдениет бөлімі, "Атырау-Ақпарат" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша)

### кестенің жалғасы

Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және халыққа қызмет көрсету саласында тілді дамыту		
2005 жылғы 2 тоқсан	500 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 1 тоқсан	500 мың теңге	
2006 жыл 3 тоқсан	500 мың теңге	Облыстық бюджет

### кестенің жалғасы

3	"Үздік аудармашы" облыстық конкурсын өткізу	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, қала және аудандар әкімияттары, тиісті департаменттер, басқармалар және бөлімдер, сондай-ақ
---	---	--------------------------	--

			кәсіпорындар мен ұйымдар (келісім бойынша)
4	Облыстық телерадиоэфирде "Қазақ тілін үйренеміз" хабарларын ұйымдастыру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, Атырау университеті, Облыстық телерадиокомпания (келісім бойынша)
5	Мемлекеттік тілдің тұрғындарға қызмет көрсету саласында қолданылуын іс жүзінде қамтамасыз ету	Облыс әкімиятына ақпарат	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Денсаулық сақтау департаменті, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті, қала және аудандар әкімияттары
6	Мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің мемлекеттік тілді оқып-үйрену жөніндегі курстарды лингвистикалық орталықтар арқылы ұйымдастыру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім
7	Мемлекеттік тіл саясатын БАҚ-да "Мемлекеттік тіл және БАҚ", "Қазіргі баспасөз тілі", "БАҚ-тілдік ортаны қалыптастырудың факторы" атты арнаулы тақырыптардағы жарияланымдар мен хабарлар, "Тіл мәдениеті", "Дұрыс сөйлеп, жаза білейік", "Сөз сыры" айдарларындағы хабарлар топтамасы арқылы насихаттау	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, Атырау-Ақпарат коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, облыстық телерадиокомпания (келісім бойынша)
8	"Қазақ тілінің үздік оқытушысы" облыстық конкурстарын ұйымдастыру	Облыс әкімиятына ақпарат	Тілдерді дамыту жөніндегі бөлім, Білім беру департаменті



2 0 0 5	ж .	-	7	м л н	3 0 0	0 0 0	т г ,
2 0 0 6	ж .	-	8	м л н	0 0 0	0 0 0	т г .
Барлығы: 15 300 000 (он бес миллион үш жүз мың теңге)							

### кестенің жалғасы

2005 жылғы 3 тоқсан	300 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 3 тоқсан	300 мың теңге	
2005 жылғы 3-4 тоқсан	300 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 1 - 4 тоқсан	300 мың теңге	
2005-2006 жылдар	қаржыландыруды талап етпейді	
2005 жылғы 3-4 тоқсан	1.800 мың теңге	Облыстық бюджет
2006 жылғы 4 тоқсан	1.800 мың теңге	
2005 жылғы 3-4 тоқсан	қаржыландыруды талап етпейді	
2006 жылғы 1-4 тоқсан		
2005 жылғы 4 тоқсан	350 мың теңге	Облыстық бюджет

2006 жылғы 4 тоқсан	350 мың теңге	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК